

**Жедел көмек  
көрсету кезінде  
қажет дәрі –**

**дәрмектерді  
қолдану**



# Жоспары:

## I. Кіріспе

Жедел медициналық көмек туралы жалпы түсінік

## II. Негізгі бөлім

а ) Жедел көмек дәрі қобдишасы ( көліктік ) дәрілік құралдар мен дәрігерлік маңызы бар бұйымдардың минималды құрамдары

б ) Жедел көмек көрсету кезінде қажет дәрі – дәрмектер және қолдану негіздері

в ) Тақырыпқа байланысты сұрақтар

## III. Қорытынды



**Жедел медициналық көмек** - денсаулыққа келетін елеулі зиянның алдын алу немесе өмірге төнген қатерді жою үшін шұғыл медициналық көмекті талап ететін аурулар мен жағдайлар туындаған кездегі медициналық көмек ұсыну нысаны.



Жедел көмек дәрі қобдишасы (көліктік) дәрілік құралдар мен дәрігерлік маңызы бар бұйымдардың минималды құрамы:

□ **Валидол таблеткалары немесе капсулалары:**

Жүректің аймағы қатты ауырғанда қолданылады. Таблетканы немесе капсуланы тілдің астына салады.

□ **Спазмoverалгин:**

Спазма кезінде, бүйрек шаншығанда сумен ішеді.

□ **Олеогель липофит:**

Тері жарақаттарына және күйіп қалған кезде қабынуға қарсы және жара жазушы құрал ретінде пайдаланылады.

□ **Калий перменганаты:**

Сулы ерітінді түрінде жараны жуғанда, ауыз бен тамақты шайғанда қолданады.





### □ Аммиак ерітіндісі:

Естен танған кезде, түтінмен уланғанда ауа жұту үшін, алаңдату құралы ретінде қолданады.



### □ Йод ерітіндісі, 5% спиртті немесе бриллиант жасылының 1% спирт ерітіндісі:

Антисептикалық сұйық дәрі-дәрмек ретінде болмашы жарақат немесе жырылған жерді емдеуге қолданады.



### □ Стерилденбеген дәке бинті:

Дененің ашық жара жоқ жеріне немесе стерилді бинттің үстінен таңылатын байлама ретінде қолданылады.



### □ Стерилденген дәке бинті:

Дененің ашық жарасы бар жеріне немесе стерилді бинттің үстінен таңылатын байлама ретінде қолданылады.

## □ Стерилденбеген гигроскопиялық медициналық мақта:

Аққан қанды тоқтату үшін, жараны йодпен, бриллиант жасылымен тазалау үшін және аммиак ерітіндісімен сулау үшін қолданылады.



## □ Эсмархтың қан тоқтататын жгуты:

Артериядан аққан қанды уақытша тоқтату үшін қолданылады. Жарақаттан сәл жоғары таңылады, бірнеше рет оралтып, шынжырдың немесе ілгек көмегімен бекітіледі. Бір жарым сағаттан артық таңуға болмайды.



## □ Бактерициттік лейкопластері:

Қолдану тәсілі: қорғану пленкасын алып, жараға дәкелі тампонды жауып, бекіту керек.



## □ Трубкалы эластикалық дәрігерлік стерилденбеген бинті:

Таңғышты ұстату үшін қолданады.



# Жедел көмек көрсету кезінде қажет дәрі – дәрмектер және қолдану негіздері

**Аминазин** - асқорыту жүйесі ағзаларының ауруы кезінде пайдаланады (кұсықтың алдын алу үшін).

**Нитроглицерин** – стенокардия, миокард инфаркты кезінде алдын алу үшін қолданылады.

Қолданылуы: тіл астына.

**Регидрон** – көбінесе балалар диареямен ауырғанда қолданылады.

**Анальгин** – тіс ауруы, бет және үшкіл нервтерінің неврологиясы, жара, ауыздың ойылу, тіс ұяшығының қабынып ауруы т.б. аурулардың алдын алу және бәсеңдету үшін қолданылады. Сонымен қатар примедикация жасарда тыныштандырғыш және ұйықтатқыш дәрі-дәрмектермен қоса беріледі.



**Парацетамол** – ауруды басатын (бас және тіс ауруы), қызу түсіретін және аздған ісуге қарсы әсері бар. Белгілі дозада балаларға қаіпсіз болып есептеледі. Дегенмен бауыры ауыратн адамдарға оны ішуге болмайды.

**Диазепам, нитрозепам** – көп жағдайда психиатрияда невроз, психопатия ауруларын емдеуге қолданады. Бұл дәрілердің антипсихикалық әсері болмайды.

**Морфин** – травма, миокард инфаркты, жергілікті жансыздандыру кезінде қолданылады.

**Сутегі асқын тотығы** – жаралар кезінде, мұрыннан қан кеткенде, капиллярлық қан кеткенде тоқтату мақсатында қолданылады. Асептика және антисептикалық мақсатта стоматит, тонзиллит, гинекологиялық аурулар кезінде қолданылады.

**Лоперамид** – қатты диарея кезінде 4 мг лоперамидты ішіп, кейін әр сұйық үлкен дәрет сайын 2 мг-нан қабылдап отырыңыз. Созылмалы диареяда 5 жастан жоғары балаларға лоперамидті тәулігіне 2 мг –нан жазады.



**Папазол** - жоғары қан қысымы кезінде қолданылады. Бұл дәріні гипертониялық ауру мен стенокардияға шалдыққандар ішеді. Папазолды күніне 2-3 рет 1 таблеткадан ішеді. 12 жасқа дейінгі балаларға бермеңіз.

**Активтенген көмір** - улану кезінде қолданылады. Ішек- қарын жолындағы у мен уыттың сіңуіне жол бермей, адсорбция жасайды. Дәріден уланғанда жақсы көмектеседі. Бірақ активтенген көмірдің қиындығы, өзіңізбен бірге оның 2 бумасын алып жүруіңіз қажет. Себебі, адам салмағының 10 кг- ға 1 таблеткадан есептеп қабылдау керек. Дегенмен, оны сыйымды және қымбат Фультруммен алмастыруға болады.

**Дротаверин** - спазмаға қарсы. Кәдімгі но – шпаның арзан түрі. Ішіңіз түйіліп ауырса, дротавериннің 1-2 таблеткасын қабылдаңыз. 6 жасқа дейінгі балаларға бір реттік дозасы 10 – 20 мг, тәулігіне ең көп дозасы – 120мг .



# Қорытынды

Қазіргі өмірде біздің жағдайымызды жақсарту үшін көптеген экономикалық, техникалық және басқа да жетістіктер әкелді. Ол сонымен қатар адамға әр түрлі қолайсыз жағдайлардың әсер етуінен, жедел терапиялық және хирургиялық аурулардың, жарақат пен уланулардың жоғарылауына себеп болды.

Күнделікті болып жатқан жарақат пен жедел аурулар жүздеген және мыңдаған адамдардың қалыпты өмірін бұзды. Табиғат апаттары, поездардың соғысуы, өндірістен бөлінетін зиянды қоқыстар – бұлардың бәрі уландырады, ол зардап шеккендерге **жедел , ең бастысы дұрыс және жаттыққан көмекті қажет етеді, сонда ғана емнің оң нәтиже беруіне үміттенуге болады.**

Сондықтан қазіргі жағдайда ауруханаға дейінгі алғашқы көмекті сапалы көрсету негізгі рөл атқарады. Науқастың жағдайын тез бағалауды, қысқа уақытта алдын ала диагноз қойып, дәйекті түрде және белсенді әрекет етіп, сабырлылық пен сенімділік танытып сол сияқты білімді білікті медицина қызметкерлерге ерекше талап қойылады: жедел көмек кезіндегі қолданылатын дәрі-дәрмектер атауларын, қолдану реттілігі мен көрсетпелерін білу қажет.

# Тақырыпқа байланысты сұрақтар



1. Жедел медициналық көмекті сіз қалай түсіндіңіз?
2. Аминазинды қандай жағдайда қолданылады?
3. Папазолды күніне неше рет және неше таблеткадан қабылдау керек?
4. Регидронды көбінесе қай жастағылар қолданылады?
5. Естен танған кезде, түтінмен уланғанда ауа жұту үшін, алаңдату құралы ретінде қолданылатын дәрі – дәрмектің түрі?
6. Калий перменганатының қолданылуы?
7. Дәрігердің қатаң қадағалауымен қолданылатын дәрі – дәрмектер қандай?
8. Улану кезінде, салмағына байланысты қолданылатын дәрі – дәрмек?
9. Папазолды неше жасқа дейінгі балаларға қабылдауға болмайды?
10. Лоперамидты созылмалы диареяда 5 жастан жоғары балаларға лоперамидті тәулігіне неше мг –нан жазады?

# Жауаптары

- 1 ) Денсаулыққа келетін елеулі зиянның алдын алу немесе өмірге төнген қатерді жою үшін шұғыл медициналық көмекті талап ететін аурулар мен жағдайлар туындаған кездегі медициналық көмек ұсыну нысаны.
- 2 ) Асқорыту жүйесі ағзаларының ауруы кезінде пайдаланады (құсықтың алдын алу үшін).
- 3) 2-3 рет 1 таблеткадан
- 4 ) 2 – 5 жастағылар
- 5 ) Аммиак ерітіндісі:
- 6 ) Сулы ерітінді түрінде жараны жуғанда, ауыз бен тамақты шайғанда қолданады.
- 7 ) Диазепам, нитрозепам – көп жағдайда психиатрияда невроз, психопатия ауруларын емдеуге қолданады. Бұл дәрілердің антипсихикалық әсері болмайды.
- 8 ) Активтенген көмір
- 9 ) 12
- 10) 2 мг – нан

